



"Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізі түбінің шектес учаскелерін межелеп бөлу сызықтарының түйісу нүктесі туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 тамыздағы N 832 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізі түбінің шектес учаскелерін межелеп бөлу сызықтарының түйісу нүктесі туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізі түбінің шектес учаскелерін межелеп бөлу сызықтарының түйісу нүктесі туралы келісімді бекіту туралы

2003 жылғы 14 мамырда Алматы қаласында жасалған Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізі түбінің шектес учаскелерін межелеп бөлу сызықтарының түйісу нүктесі туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізі түбінің шектес учаскелерін межелеп бөлу сызықтарының түйісу нүктесі туралы
Келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы және Ресей Федерациясы, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы жер қойнауын пайдалануға арналған егеменді құқықтарын жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбін межелеп бөлу туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі келісімге қатысты 2002 жылғы 13 мамырдағы Хаттаманың 1-бабының 5-тармағына, Әзірбайжан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізі түбінің шектес учаскелерін межелеп бөлу туралы 2002 жылғы 23 қыркүйектегі келісімнің 1-бабының 4-тармағына және Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы 2001 жылғы 29 қарашадағы келісімге қатысты 2003 жылғы 27 ақпандағы Хаттаманың 2-бабына сәйкес, $42^{\circ} 33',6$ солтүстік ендік және $49^{\circ} 53',3$ шығыс бойлық географиялық координаттары бар Каспий теңізі түбінің шектес учаскелерін межелеп бөлу сызықтарының түйісу нүктесінің орналасу орнын белгіледі.

2-бап

Осы Келісім қол қойылған кезден бастап уақытша қолданылады және тиісті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлаған күнінен бастап күшіне енеді.

Алматы қаласында 2003 жылғы 14 мамырда әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде үш данадан жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді пайдаланатын болады.

Қазақстан Республикасы үшін

Әзірбайжан Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін